

ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары (18.09.2019 ж. – шағын БиоЭС)

ҚР барлық БЭЖ аймақтары үшін шағын БиоЭС жобаларын іріктеу бойынша белгіленген жиынтық қуаты 10 МВт бар аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде үш қатысушы тіркелді.

Сауда сессиясына үш қатысушы жіберілді.

Осы ЖЭК түрі бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес уәкілетті орган – ҚР Энергетика министрлігі еркін жер учаскелерін және электр желісіне қосылу нүктелерін бермеген.

Ағымдағы жылы қабылданған аукциондық сауда-саттық қағидалардағы өзгерістерге байланысты, аукциондық сауда-саттыққа қатысу мақсатында сауда сессиясына жіберілген қатысушылар ұйымдастырушының сауда жүйесінде тіркелу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген жер учаскелерін және электр желісіне қосылу нүктелерін ұсынды. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген жобалардың жеке қуаты 2,4 МВт және 4 МВт құрады. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген компаниялар – Қазақстан өкілдері.

2019 жылы БиоЭС жобалары бойынша шекті тарифі 2018 жылғы аукциондық сауда жеңімпазының ең жоғары тарифіне тең және 32,15 тг/кВтс құрайды.

Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 14-00-де ашылды.

Сауда сессиясы барысында қатысушылар 3 өтінім берді. Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарын анықтау үшін 60 минут қажет болды. Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 15-00-де ашылды.

Аукциондық сауда - саттық ережелеріне сәйкес, аукциондық бағаларды есептеу және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын анықтау үшін бір шарт орындалды-сауда жүйесінде тіркелген және тиісті аукциондық сауда-саттыққа жіберілген кемінде екі қатысушы.

18.09.2019 ж. (белгіленген қуаты 10 МВт бар шағын БиоЭС) жобалары – аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

1) «Waste Energy Kazakhstan» ЖШС - 32,13 тг/кВтс бойынша 4 МВт, Алматы облысы Іле ауданы Қараой ауылына жақын орналасатын болады;

2) «ZOR-Biogas» ЖШС - 32,14 тг/кВтс бойынша 2,4 МВт, Алматы облысы Іле ауданы Қараой ауылдық округіне жақын орналасатын болады.

3) «ГорКомТранс города Караганды» ЖШС - 32,15 тг/кВтс бойынша 4 МВт, Қараганды облысы Қазыбек би ауданының 165 есептік кварталына жақын орналасатын болады.

Аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша аукциондық сауда-саттық қағидаларының 55-тармағына сәйкес сатып алынатын қуаттың жиынтық көлемі 10 МВт-тан 10,4 МВт-қа дейін ұлғайтылды.

Аукциондық бағаның орташа шамасы 32,14 тг/кВтс құрады. Шекті тарифке қарсы аукциондық тарифтің орташа төмендеуі 0,01 тг/кВтс немесе 0,03% құрады.

Шағын БиоЭС жобалары бойынша аукциондық бағаның орташа шамасы (белгіленген қуат жобалары 0,1-ден 10 МВт-қа дейін қоса алғанда) 2018 жылы 32,15 тг/кВтс құрады. 2019 жылғы аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша анықталған шағын БиоЭС бойынша орташа аукциондық бағаның мәні 2018 жылға қарағанда 0,03%-ға төмен.